

## Қ.Әбдәлішев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп

### 2020-2021 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтардың жылдық мәліметі.

Қыркүйек айында әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құрдық. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының өткізілуін ұйымдастырдық. «Мектеп жол» акциясына жиналған қаржыға әлеуметтік көмекті қажет ететін, аз қамтамасыз етілетін отбасы балаларына мектепке қажетті заттарды алып берілді. «Мектепке жол» акция барысында мектебіміздің мұғалімі Құдайбергенова Ақерке апайымыз он оқушыға аяқ киім алып берді, осы мектептің түлегі Кадиров Айтжан он оқушыға сумка, мектепке қажетті құрал жабдықтар алып берді. Мектебіміздің мұғалімі Көбеева Райхан апайымыз екі оқушыға мектеп формасын қамтыды.

Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде оқушылар туралы мәліметтер жинақтадық.

Мектеп асханасынан берілетін 1%-қ қор есебінен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды анықтадық. Мектеп асханасынан берілетін 1%-қ қор есебінен 28 оқушыға ыстық тамақ берілуде және мемлекет тарапынан атаулы көмек (АСП) алатын 33 оқушыға мемлекет тарапынан ыстық тамақ берілуде және 3 оқушыға демеуші есебінен ыстық тамақ берілуде, жалпы саны 64 балаға ыстық тамақ ішуде.

Санаттағы балаларға отбасы жағдайы төмен оқушыларға материалдық қолдау көрсету барысында мектебіміздің мұғалімі Құдайбергенова Ақерке апайымыз 10 оқушыға қыстық аяқ киім әперді.

Тамыз айында санаттағы оқушылар Машат лагеріне барып қайтты. Санаттағы 8 оқушы тізімге алынды. ПЦР тесті бойынша сегіз оқушы тапсырып алты оқушының ПЦР тест қортындысы бойынша оң нәтиже берді, екі оқушының ПЦР тесті теріс нәтиже қортындысы бойынша қалдырылды.

Тамыз айында әлеуметтік педагогтар жылдық және әлеуметтік төлқұжат түзе отырып санаттағы оқушылардың тізімі бекітілді.

1. Жартылай жетім бала саны- 23/13
2. Көп балалы отбасы бала саны-101/45
3. Үйде оқытылатын бала саны-3
4. Аз қамтамасыз етілетін отбасы, бала саны -11/27
5. Толық емес отбасы, бала саны-9/18
6. Мүгедектігі бар бала саны-6